

Аңдатпа

Дипломдық жобаның тақырыбы: «Компанияның бизнесін қолдау жүйесі үшін тәуекелдерді үздіксіз басқарудың қосалқы жүйесін құру».

Бұл дипломдық жобада HoReCa сегменті үшін азық-түлікке тапсырыс берудің және сатудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу жүзеге асырылды, оның мақсаты компанияның тәуекелдерін азайту және Қазақстан қалаларында азық-түлікке тапсырыс беру сервисін құру болып табылады, онда мейрамханалардың иелері жоғары деңгейдегі сервисті және пайдалану ыңғайлылығын алады, ал жеткізушілер өз өнімдерін сатудың қосымша арнасын алады.

Дипломдық жоба web - платформа форматында орындалды. HTML, CSS, PHP, JavaScript сияқты технологиялар әзірленген дипломдық жобаның мақсатына жету үшін пайдаланылады.

Сонымен қатар, бағдарламаны әзірлеудің шығындары мен бағасының қаржылық есебі, әзірленетін жобаның қаржылық қажеттілігін бағалау жүргізіледі және өнеркәсіптік жарықтандырудың сапасын арттыру бойынша іс-шаралар ұсынылады.